

"Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 маусымдағы №464 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 54 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 27 сәуірде № 8314 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Кодексінің 139-бабының 9-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 маусымдағы № 464 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7517 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 17 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы "білім беру" деген сөздер алынып тасталынсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған аудандық мәслихатының
кезекті V сессиясының төрағасы*

С. Оразгелдиев

*Жаңақорған аудандық
мәслихатының хатшысы*

Г. Сопбеков